


майлардың жоғары шығымына негізделген.

Майлағыш майларды өндіру үшін гидрокрекингті 10-25 МПа қысым астында 350-420⁰С температурада және шикізатты берудің 0,4-1,5 сағ.⁻¹ көлемдік жылдамдығында сутеккұрамды газ: шикізаттың көлемдік қатынастары – 800-2000, шикізатқа деген сутектің шығыны 0,8-2 % (масс.), әдетте қайнау температурасы 500-550⁰С дистиллятты фракцияларды, деасфальтизатты немесе олардың қоспаларын гидрокрекингтейді. Майларды гидротазарту процестерімен салыстырғанда гидрокрекингте олардың құрылыстары және молекулалық массалары өзгереді. Сакиналарды ыдырату, изомерлеу және гидрлеу реакцияларының нәтижесінде олардың тұтқырлық индекстері артады. Майлардың берілген қасиеттерімен шығымы шикізаттың табиғатына және гидрокрекингтің қаталдығына тәуелді және шикізаттың 30-70%-ын (масс.) құрайды.



28—сурет. «Изомакс» атты гидрокрекинг қондырғысының принципіалды технологиялық сұлбасы:

а - шикізатты гидрогенизациялық даярлау секциясы (бірінші саты); б - гидрокрекингтеу секциясы (екінші саты); в - өнімдерді фракциялау секциясы.

1 - қосымша сутектің компрессоры; 2 - бірінші сатының реакторы; 3 - жоғарғы қысымның газсепараторы; 4 - рекуперативті турбина; 5 - үрлейтін мұнара; 6 - екінші сатының реакторы; 7 - орталық айналғыш компрессор; 8 - төмен қысымның газсепараторы; 9 - тұрақтаушы мұнара; 10 - бензинді мұнара.

I және II - шикізат; III - бұмен конверсиялау қондырғысындағы сутек; IV - каталикалық риформинг қондырғылы сутек; V - қосымша сутек; VI - циркуляцияланатын газ; VII - жеңіл көмірсутектер, аммиак және сутек; VIII - C₄ дейінгі фракция; IX - жеңіл бензин; X - ауыр бензин; XI - реактивті отынның компоненті; XII - үрленетін мұнараға бағытталған газ